

8) руководитель органа имеет право отрицать наличие информации, являющейся секретной [10; 62].

Законы о раскрытии информации также детально регулируют процедуру реализации запроса, взаимные права и обязанности государственных служащих и граждан, порядок обжалования решения административного органа по запросу о раскрытии документа.

Представляется, что в Республике Казахстан также назрела необходимость принятия такого закона, так как внедрение принципа транспарентности является одним из важнейших направлений совершенствования государственного управления, обеспечения прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан.

#### Список литературы

1. Назарбаев Н.А. Модернизация государственного управления на принципах корпоративного управления, транспарентности и подотчетности обществу // Казахстанская правда. — 2006. — 2 сент.
2. Конституция Республики Казахстан. — Алматы: Жеті жарғы, 2008.
3. Закон РК «О государственной службе» от 23 июня 1999 г. // Казахстанская правда. — 1999. — 6 авг.
4. Закон РК «Об административных процедурах» № 107 от 27 ноября 2000 г. // Юридическая газета. — 2000. — 6 дек.
5. Указ Президента РК, имеющий силу закона, от 19 июня 1995 г. «О порядке рассмотрения обращений граждан» // Ведомости Парламента РК. — 1995. — № 9–10. — Ст. 71.
6. Закон РК от 12 января 2007 г. «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц» // Казахстанская правда. — 2007. — 30 янв.
7. Закон РК «О борьбе с коррупцией» № 267 от 2 июля 1998 г. // Ведомости Парламента РК. — 1998. — № 15. — Ст. 209.
8. Закон РК «О средствах массовой информации» // Казахстанская правда. — 1999. — 24 янв.
9. Кодекс об административных правонарушениях РК. — Алматы: Жеті жарғы, 2009. — 327 с.
10. Анисимцев Н.В. Япония: обеспечение прозрачности («транспарентности») административно-государственного управления // Государство и право. — 2003. — № 6. — С. 58–65.

ӘОЖ 348.97

Н.С.Ахметова, Ж.О.Ғалы

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

#### МУДЖТАХИДТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚҰҚЫҚ ТҮСІНУШЛІККЕ ӘСЕРІ

*В статье рассматривается уровень влияния правоприменения исламскими судьями на мусульманское правопонимание. Изучен правовой статус муджтахидов, кади, их роль в формировании мусульманского права. Значительное влияние исламских судей в формировании правопонимания подтверждается использованием и формированием такого института права, как иджтихад и кияс.*

*In article is considered level of the influence the right application islam court on moslem the right understanding. The Studied legal status mudjtakhid, kadi, their role in shaping the moslem right. The Significant influence islam judge in shaping the right understanding, is confirmed by use and shaping of such institute of the right as idjtikhad and kijas.*

Мұсылман ғалымдары — муджтахидтер мұсылман құқығының қалыптасуында маңызды рөлге ие. Муджтахидтер негізінен саудамен айналысып, мемлекеттік қызметте болмаған. Сол себептен мұсылман құқығы «төменнен» тәжірибеден емес, «жоғарыдан» доктринадан пайда болған деген пікір қалыптасқан. Мемлекеттің қызметі тек тиісті мазхаб бойынша мұсылман құқығының нормаларын санкциялаумен ғана шектелген. Мұсылман соттары (қади) істерді қарау кезінде Құран мен сүннеттің нормаларын тиісті мазхабтың негізін салушылардың және олардың ізбасарларының еңбектеріне сәйкес қолданды. X ғасырда иджтихадтың дамуы нәтижесінде мұсылман құқығының негізгі қайнар көзі болып доктрина табылды. «Иджтихад есіктерінің жабылуы», яғни мұсылман құқығының

дамуының тоқтауы, жарияланды. Енді ислам ғалымдары оның нормаларын тек түсіндіруге құқығы болды.

Қади лауазымына әдетте әрекет қабілеттігі бар мұсылман ер адам тағайындалды. Мүліктік және отбасылық дауларды шешуге кейбір фикх мектептері әйел адамдарға қади міндетін жүктеуге жол берген. Басқа дін өкілдерінің сот шешімдерін шығару құқығын тек өзінің діндестерінің арасында болған дауға қатысты қолдануға құқық береді.

Ақылды, көреген, басы ерікті және әділ, тән кемтарлығы жоқ мұсылман ғана сот бола алатын. Шариғат нормаларымен бекітілетін сот істерін қарау тәртібі өзіндік ерекшеленеді. Дауды қарау әдетте талапкерге сөз беруден басталады, кейін қади жауапкерге талаптың негізділігін мойындауы үшін жүгінеді. Жауапкердің келісетіндігі белгілі болса, онда істі қарау тоқтатылады да, қади шешім шығарады. Ал керісінше жағдайда сот талапкердің дәлелдерді ұсынуын сұрап жүгінеді. Талапкердің мұндай міндеті Мұхаммед пайғамбардың келесі сөзімен бекітіледі: «Талапкер дәлел ұсынуға міндетті, ал талаптың негізділігін жоққа шығарушы, ант беруге міндетті». Мұсылман құқығы дәлелдемелердің объективтілігіне үлкен маңыз береді.

Шариғат шешімінің қате болу мүмкіндігін мойындай отырып, қади шешіміне әсер еткісі келетіндерге жауаптылық туралы ескертеді. Бұған дәлел ретінде Мұхаммед пайғамбардың келесі сөздерін көрсетуге болады: «Шындығында сендер маған дауларыңның шешілуі үшін жүгінесіңдер; сендердің біреулерің екіншінен дәлелдерін келтіруде көркемдірек болуы мүмкін, мен естігенімнің негізінде оның пайдасына шешім шығаруым мүмкін; бірақ егер мен соның нәтижесінде басқаға тиесілі құқықты оған берсем, онда оны тозақ оты күтіп тұр». Сот шешімінің негізі болып табылатын көптеген дәлелдемелердің ішінде үлкен маңызға куәгерлердің айғақтары ие. Сол себептен зинаның болғандығын дәлелдеу үшін төрт куәгердің сөздері жеткілікті, ал ауыр қылмыстарды жасаған жағдайда екі куәгер ер адам жеткілікті. Мәмлелердің орындалуы бойынша болған істерде екі ер адамның айғақтары алынады, және біреуінің орнына екі әйел айғақ бере алады. Сондай-ақ мүліктік даулар бойынша дәлелдеме ретінде бір ер адамның айғағы, егер талапкердің антымен бекітілсе, қабылданады.

Егер талапкер өзінің талабының негізділігін куәгерлердің айғақтарымен немесе басқа да дәлелдемелермен растай алмаса, ал жауапкер өзінің кінәсінің жоқтығы туралы ант берсе, талап қанағаттандырылмайды. Бірақ қади дау бойынша шешімді тек бір жақты ғана тыңдап шығара алмайды, яғни екі жақтың құқығы тең болуы тиіс. Бұл қағида пайғамбардың сөзімен бекітілген: «Егер саған екі адам дау шешімін іздеп келсе, онда екіншісінің уәжін тыңдап білмейінше, біріншісінің пайдасына шешім қабылдама».

Мұсылман әділсотының этикасының негізгі талабы — дауды шешу кезінде бейтараптық таныту және дауласушыларға тең көзқараста болу. Дәлірек айтқанда, дауласушылардың екі жағы да қадиге қарама-қарсы және бірдей қашықтықта отыру керек. Соттың объективтілігі, қадиге оның әділдігіне кері әсер ететін мән-жайлар болған кезде, дауды қарастыруға тыйым салатын қағидалармен қосымша қамтамасыз етіледі. Шариғаттың сот процесінде тараптардың теңдігі қамтамасыз ету талабын Омара халифтің бір қадиге жазған хатынан көруге болады: «Адамдарға өзіңнің теңіндей қара, олармен бірдей уақыт өткіз, сондай-ақ мансаптылар өзінің мүддесі үшін саған өз дегенінді істетуге қол жеткізбес үшін, ал әлсіздер сенен әділдікті табу үмітін үзбесі үшін әділсотты жүзеге асыруға, теңдікке ұмтыл. Ашулану, ызадан алыс бол, сот талқылауы кезінде адамдарды ренжітпе және оларға өз ашуынды көрсетпе».

Шариғат соттарының істі қарау тәртібі белгілі бір дәрежеде даудың сипатына байланысты, бірақ қылмыстық істерді, отбасы немесе мүліктік дауларды қарау тәртібінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Дегенімен жеке құқықтарға қатысты мәмле немесе отбасы мәселелері бойынша болған дауларды қади тек құқығы бұзылған тұлға талабы бойынша қарайды, ал басқа істерді кез келген адамның талабы бойынша, сондай-ақ өзінің бастамасымен қарайды.

Негізінен қади кез келген дау бойынша бір сот отырысының барысында жекелей шешім қабылдайды. Ислам әділсотының ерекшелігі болып дауды мәжбүрлеуші шешімсіз бітімге келтіру табылады; бұл пайғамбардың келесі сөзіне негізделген: «Аллаһтың тыйым салғанына жол беріп, рұқсат еткеніне тыйым салатынынан басқа дауласушылардың арасындағы бейбіт келісімге жол беріледі».

Сол себептен негізінен қадидің муджтахид болғаны абзал, яғни Құран мен сүннетпен реттелмеген сұрақтар бойынша, мұсылман құқығының рационалды қайнар көздеріне негізделген шешім қабылдайтындай — «иджтихадты» жүзеге асыратындай терең білімінің болғаны абзал. Қадидің лауазымына муджтахидті тағайындаудың абзалдығының дәлелі ретінде мұсылман

заңгерлері пайғамбарымыздың келесі сөзін келтіреді: «Егер қади шешімді иджитихад негізінде шығарса және ол дұрыс болса, онда оған екі еселенген сый болады, ал егер ол иджитихад бойынша істі қарап, қателессе де, оған бір сауаб тиесілі».

Бұл шешімді қайта қарау тек оның Құран мен сүннетке немесе сахабалардың ортақ пікіріне қарсы келген, сондай-ақ доктрина құрған иджитихад ережелері бұзылған жағдайда мүмкін. Ал егер бұл талаптар сақталса, онда иджитихад нәтижесінде қабылданған шешім түпкілікті деп сараланып, бұл іс бойынша басқа муджтахид — қадидің өзге пікіріне негізделген қайта қарауға жол берілмейді. Бұл жағдайда «әр муджтахидтің шешімі дұрыс» деген ереже орын алады, бұл ережеге сәйкес иджитихад нәтижесінде алынған шешім иджитихад нәтижесінде алынған басқа шешіммен тоқтатылмайды.

Сондай-ақ классикалық мұсылман құқығының теориясы соттарға жаңа ұқсас іс бойынша алдында шығарылған шешімді өзгерту құқығын береді. Дәлірек айтқанда, сот прецедентінің ережелерінен бастартуға жол беріледі.

Діни-құқықтық жүйе түріндегі шариғат шеңберінде теория тұрғысынан қоғамдық проблемаларды шешпейтін ескірген нормаларды тікелей қолданыстан шығаруға жол берілмейді. Сонымен қатар мұсылман соты тіпті біздің заманымыздың өзінде де таңдау бостандығына ие.

Кей кезде мұсылман елдерінде сот өндірісі мұсылман құқығына сәйкес жүзеге асырылады, және сол себептен соттар бұл елдерде мемлекеттік механизмінің маңызды қызметін жүзеге асырады деген пікір естуге болады. Бірақ Құран және басқа да мұсылман құқығының қайнар көздерін сот өндірісінде қолданылуы оларды табиғаты бойынша құқықтың қайнар көзі ретінде көрсетпейді. Ол үшін шариғат қайнар көздерін құқық қайнар көздері ретінде санкциялайтын кесімдер болу керек. Яғни мемлекеттік органдардың кесімдері мұсылман құқығының қайнар көздеріне заң күшін беру керек (санкциялау керек). Басқа жағдайда мұсылман құқығының қайнар көздері құқық қайнар көзі болып табылмайды.

Мұндай санкциялау актілері мұсылман елдерінде көптеп кездеседі. Мысалы, Иран, Ирак, Пәкістан, Сирия, Мысыр, Марокко, Судан және кейбір басқа да елдердің конституцияларында ислам дініне және шариғат ережелеріне сену қағидасы жарияланған.

Мұсылман құқық түсінушілігін анықтаудың проблемасының күрделілігі мұсылман құқығының табиғатын түсіндірудегі сияқты, сондай-ақ исламның мемлекет пен дін түсініктерін ажыратпайтындығын алға тартуына да байланысты. Көп уақыт бойы ислам тарихында мұсылман құқығы белгілі бір мемлекеттерге басшылық етті, мәні мен міндетін анықтады. «Дін мен патшалық — егіздер, дін — негіз, және патша оны қорғайды». «Патша дүниеде тәртіпті орнату үшін керек, ал тәртіп дүниеде діндегі тәртіп үшін қажет» [1], — дейді әйгілі ортағасырлық мұсылман ғалымдарының бірі Имам-әл-Газали.

Бұл тұжырым бойынша академик В.В.Бартольдтің де пікірі қызушылық танытуда. Оның айтуы бойынша: «Ислам алғашқында еврейлік және христиандылықпен бірдей орын талап еткен; Мұхаммедтің өмірінің соңына қарай ол дүниежүзілік басшылық талабын қойды, бірақ дін ретіндегіге қарағанда мемлекет ретінде көбірек» [2].

Қысқасын айтқанда, ислам бір уақытта дін және мемлекет болуға ұмтылады. Христианділікке қарағанда ислам: «Цезерге — цезерлігі, Құдайға — құдайлылығы» тезисін құптамайды. Мұндай ислам мен мемлекетке деген көзқарас қазір де сақталған. Сондай-ақ ислам теориясы бойынша мемлекет шариғат нормаларының орындалуын қамтамасыз ететін діннің қолындағы құрал болып табылады [3]. Шариғат нормасы Құдаймен немесе оның соңғы елшісі Мұхаммед пайғамбармен шығарылады, ал мемлекет шариғат нормаларының талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін қажет.

Мұсылман құқығы мен мемлекеттің ара қатынасының проблемасын қарастырғандықтан, «Араб Халифаты» мемлекетінің пайда болуы себептері мен жағдайын анықтау проблемасы да қызығушылық тудырып отыр. Араб Халифатының пайда болуының себептері мен жағдайы басқа, тіпті діни мемлекеттердің пайда болу себептері мен жағдайынан ерекшеленеді.

Мемлекеттің пайда болуы туралы ілімдер Араб Халифаты мемлекетінің пайда болуының ерекшеліктерін көрсетпейді. Араб Халифаты мемлекеті, барлығына мәлім болғандай, ислам дінінен кейін (немесе бір уақытта) пайда болды, ал, мысалы, христиан діні тиісті мемлекеттер болған кезде пайда болды. Егер Араб Халифатында мемлекет ислам дінінің дамуы үшін қызмет етсе, ал христиан дініне одан бұрын пайда болған мемлекетті де құдай жаратқандығы туралы бәрін сендіріп, және соның нәтижесінде өзіне бағындыруға тура келді. Бірақ христиан дінінің басшылары бұл мақсатта ислам дінінің дәрежесіне жете алмады. Ал ислам әлемінде, керісінше, мемлекеттер ислам дініне

деген тәуелділіктен босау үшін көп күш жұмсады, бірақ оған тек кейбір елдер қол жеткізе алды (мысалы, Түркия).

Таза теократиялық мемлекет — бұл архаикалық мемлекет. «Биліктік қатынастардың теократиялық моделінің пайда болуы мен өмір сүруі көбіне қоғам өмірінің мәдени-тарихи жағдайымен, оның діни-ғұрыптық және өркениеттік ерекшеліктеріне негізделеді», — деп жазады Е.Н.Салыгин [4]. Ол теократиялық мемлекет қазіргі кезгі мемлекетке жатпайды, тіпті «ондай мемлекетті басқару нысанының, мемлекет нысанының ешқайсысына жатқызуға болмайды» деген шешімге келді. Яғни теократиялық мемлекет өзінің классикалық нұсқасында (Араб Халифаты, Ватикан) қазіргі замандағы түсініктегі мемлекет болып табылмайды.

Мұхаммед пайғамбардың өзі де бірнеше рет, сол кездегі белгілі Вавилон, Рим империясы, Византия сияқты нысандағы мемлекет емес, «су, жер, жайлау, от, тұз мұсылмандарға ортақ болып табылатын» мұсылмандық қауым құратынын айтқан [5]. Қазіргі кезгі исламистер де ол туралы сөз болғанда мемлекет туралы емес мұсылман қауымы (умма) туралы айтады.

Исламистердің айтуы бойынша, шариғат үкіметтің заңшығарушылық қызметіне жол береді, бірақ тек шариғат негізінде. Үкіметтің заңшығарушылық қызметі бұл иджма емес. Үкіметтің заңдары шариғатқа жатпайды және шариғат нормаларына толық сәйкес келгенімен, исламдық, яғни діни норма болып табылмайды. Шариғат бойынша үкіметтің заңшығармашылық қызметі шектеулі сипатқа ие, яғни бұл қызмет шариғат нормаларымен және қағидаларымен шектелген. Бұл шектеулер келесіндей болып табылады.

Біріншіден, үкіметтің (аманаттың) шариғат қайнар көздеріне (Құран, сүннет және т.б.) қарсы болып табылатын мінез-құлық ережелерін шығаруға құқығы жоқ. Шариғат үстемдік құрған мемлекетте үкіметке қосалқы рол беріледі. Ислам үстемдік құрған мемлекетте биліктің бөлінуі қағидасы жүзеге асырылмайды. Мұндай мемлекеттерде билік бөлінісі жүзеге асырылған, онда заңшығарушы билік толығымен Аллаһқа және оның соңғы елшісі Мұхаммедке тиесілі, ал дүниедегі басқа биліктер тек шариғат нормаларына қайшы келмейтін заңдарды ғана қабылдай алады.

Екіншіден, мұсылман құқығы бойынша үкіметтің заңшығармашылық қызметі тек екі бағытта жүзеге асырылады: атқарушылық және ұйымдастырушылық нормативтік-құқықтық кесімдерді қабылдау бойынша [6].

Үкіметтің атқарушылық заңдары, негізінен, шариғат нормаларын сақтауға бағытталады. Осы мақсатта үкімет соттарды, полиция мекемелерін, қамауға алу орындарын және тағы басқаны құрады.

Ұйымдастырушылық заңдар шариғат нормалары мен қағидаларына сәйкес қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және сыртқы саясатты жүзеге асыруға бағытталады, осы қағидаларға сәйкес үкімет сыртқы әлеммен, яғни басқа мемлекеттермен, қарым-қатынасқа бағытталған қызметін жүзеге асыруы тиіс. Мұсылман құқығы бойынша негізінен мемлекеттердің заңшығармашылық қызметінің шектелуі осындай. Бірақ қазіргі әлемде осы шектеулерді мұсылман елдерінде бұзу оқиғалары көп кездеседі.

Юриспруденция мұсылман елдерінде дінге қатысты барлығының өмір сүру параметрлерін анықтайтын факторға айналды. Легитимді заңның талаптарына қайшы келмейтін діни және шариғат канондары мұсылмандарға қатысты әрекет ете берді.

Юриспруденцияның мақсаты — құқық субъектілерінің барлығының құқықтық мінез-құлығын қамтамасыз ету, және бұл жағдайда құқықтық мінез-құлықтың ниеті маңызды емес. Бұл жағдайда діни нормалардың әсерінен болған құқықтық мінез-құлықты юриспруденция өкілдерінің тарабынан оң бағалануы тиіс.

Ислам әлеміндегі қазіргі кездегі ішкі қайшылықтар тереңдей түсуінің себебі — кейбір мемлекеттерде бүгінгі күні шариғат нормаларына заңнама қарсы қойылса, ал кейбір елдер шариғат нормаларын алғашқы кейіпінде сақтауға тырысуында. Мысалға, егер Муамар Каддафи әр қоғамның нағыз заңы болып не әдет-ғұрып немесе дін табылатындығын, ал конституция қоғам заңы болып табылмайтындығын айтса, [7], Тунис Республикасының Президенті Хабиб Бугриб былай деп жариялаған: «... егер біреу жұмыс пен ораны біріктіре алмаса, онда ораны бұза берсін» [8].

Мұсылман әлемінде дін мен қоғам өмірі толығымен тығыз байланыста, және олар бірі бірінің өмір сүре алмайды. Мысалға, діни антагонизмдердің әсерінен бәсекелес діни топтардың арасында қақтығыстар орын алуы мүмкін. Мемлекет шеңберінде мұндай қақтығыстар белгілі бір қоғамдық құқықтық тәртіптің бұзылуына алып келеді. Сондай-ақ бұл жауласушы топтардың арасындағы қақтығыстан басқа конфессия өкілдері, дінге сенбеушілер де зардап шегуі мүмкін. Сондықтан мемлекет заңнама қабылдау арқылы да, іс-шаралар қолдану керек.

Шариғат нормаларының құқықтық жүйенің құрамына енуінің дәрежесі мұсылман дінінің үстемдігі танылған мемлекеттің өмірінің тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси, сондай-ақ мәдени

жағдайларына байланысты. Мысалы, Тунисте 1956 жылы 13 тамызда қабылданып, 1957 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Жеке статус туралы кодекс қабылданды. XX ғасырдың екінші жартысында болған Тунистің қоғамдық өмірінің юридизациясы классикалық мұсылман құқығынан бастарту сипатында болды. Бірақ тунистік заңшығарушылар дін саласында болған реформаларды шариғат нормаларын жаңаша талқылау шеңберінде түсіндіруге тырысты [9].

Егер ислам Аллаһқа сенушілердің идеологиясы болып табылса, ал мұсылман құқығы немесе шариғат — бұл Аллаһ көрсеткен жолмен жүруші мұсылманның мінез-құлық ережесі. Мұсылмандар тұратын мемлекетте өзінің азаматтарының мінез-құлық ережелерін бекітетін одан басқа саяси билік те болады. Саяси билік, өзінің дінге жақындығы бойынша, өзінің азаматтарын діни ұстанымдармен өмір сүруге шақыруы, немесе діни нормаларды сақтауда таңдамашылыққа жол беруі мүмкін. Бірақ діни нормалар заң нормалары болып табылуы және мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қамтамасыз етілуі үшін, ол саяси билікпен белгілі бір заңдарда (конституцияларда) нақты анықталуы керек. Мұсылман — бұл шариғат нормаларына сенуші, мұсылман құқығының нормалары сол үшін шығарылған. Бірақ мұсылманнан басқа, ислам парыздарын орындамайтын сол мемлекетте мұсылман еместер де болуы мүмкін. Олар үшін мұсылман құқығының талаптары мемлекетте (яғни мемлекеттік құрылымдардан шығатын кесімдерде) көрсетілуіне байланысты міндетті болып табылады.

Бұл құбылыс мұсылман әлемінде уақыт өте келе тарихи негізделген мұсылмандар өмірінде халифтердің жарлықтары мен бұйрықтары маңызға ие бола бастады. Бір кездері халифтердің бұл бұйрықтары мен жарлықтары исламға сәйкестігі бойынша жоғарғы дін басшыларының тарапынан сынға ұшыраған. Бірақ мұсылман елдерінің дамуы, басқа елдермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде мұсылман елдерінде позитивтік заңдық құқықтың маңызы арта түсті. Осы бағытта даму барысында кейбір мұсылман елдері өздерінің конституцияларын қабылдай бастады. «Мұсылман» түсінігімен қоса «азамат» деген түсінік пайда болды.

Жалпы, исламның және мұсылман құқығының қатаң консерватизміне қарамастан, ол басқа діндер сияқты бірте-бірте жетіліп, модернизацияланып қоғам өмірінің дамуына лайықтана бастады. Тұрғындардың мүдделерін білдіретін қоғамдық бірлестіктер мен партиялар пайда бола бастады. Тіпті қазіргі мұсылмандардың өмірінің демократиялық тәртібін мойындайтын, мұсылмандық сипаттағы партиялар (Мұсылмандық лига, Джамаат-и-Ислами) пайда болды. Олар кейбір ескірген шариғат нормаларынан парламентпен қабылданған заңдардың үстемдігін мойындайды.

Алжир мемлекетінің дамуының тәжірибесі де маңызға ие. Бұл мұсылмандар көпшілік болып табылатын мемлекетте XX ғасырдың екінші жартысының ондаған жылдар бойы өткен оқиғалар бұл елде қандай құқықтық нормалар қоғам өмірін реттейтіндігін көрсетеді. XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап Алжирде отарлаушы заңдар күшін жойылып, бұл жерде КСРО-ның көмегімен социализм құра бастады. Егер отарлау кезеңінде исламдық идеология және шариғат нормалары мемлекет заңдарына ресми түрде бағынышты болса, ал отарлауды құлатқаннан кейін де басқа мұсылман елдеріндегідей мұсылмандылықтың қайта өрлеуі болған жоқ, және Алжир зайырлы мемлекет болып қала берді. Ислам идеологиясын марксистік-лениндік идеология жеңіп, Алжирде XX ғасырдың 70-ші жылдарына дейін социализм құрылып жатты. Қоғамдық қатынастарды, Құранға сәйкес емес оған қарсы негізде, реттейтін Конституция, Отбасы кодексі және басқа да заңдар қабылданды. Исламистерге көп уақыт бойы атеистерге қарсы тұруға да мүмкіндік болған жоқ. Себебі билік басында әскер қолдаған социализм жақтаушылары болды. Алжирдің Президенті Бу-Медьен мемлекетті Аллаһтың атынан емес, оның нұсқауымен қабылданған заңдар негізінде басқарды [10].

XX ғасырдың 80-ші жылдарына қарай бұл елде социализмді құруға болмайтындығына көздері жеткеннен кейін мемлекет нарықтық экономика және АҚШ бағытын ұстанды. Елге демократизм элементтері ене бастап, саяси партиялардың қызмет етуіне жол берілді және осы кезде Исламдық құтқару майданы қозғалысы пайда болды. Бұл кезде Алжирдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте нашар еді. 1989 жылы қабылданған Конституцияда Алжирде көппартиялылыққа жол берілді де Исламдық құтқару майданы заңды түрде саяси күшке айналды, ал біраз уақыттан кейін парламентке сайлауда жеңіске жетті.

Исламдық құтқару майданының бағдарламасында былай деп жазылған: «Біздің партия электр тоғын, су жүйесін, үй жайларды уәде етпейді. Бізде тек бір ғана мақсат бар — ислам мемлекетін құру». Бірақ олар Алжирді исламдық республикасы деп жариялай алмады, себебі әскери офицерлерге исламистердің қауіп төндіруі орын алды да, әскер қайтадан билікті қолына алып, Исламдық құтқару майданының қызметін тоқтатты. Осының нәтижесінде Алжир қазіргі кезге дейін зайырлы мемлекет болып қалуда.

Сөйтіп, ислам дінінің бір бөлігі болып табылатын мұсылман құқығы қазіргі әлемнің ірі құқықтық жүйелерінің бірі болып табылады, сондықтан мұсылман елдерінде заңнама нормаларын соттық түсіндіру өзіндік ерекшелікке ие. Егер мұсылман елдерінің көбісі өздерінің заңдарында ислам қағидалары мен нормаларына беріктігін жариялауын ескерсек, онда заңнама нормаларының соттық интерпретациясы мемлекетпен шығарылатын нормативтік-құқықтық келісімдерінің ислам қағидалары мен нормаларына сәйкес келмеу проблемасы туындайды. Ислам тұрғысынан сот билігімен талқыланған конституциялар мен заңдар сенушілер тарапынан исламға негізделген келісім ретінде қабылданады. Құран мен сүннеттің қағидалары аталған келісімдерге мәтіндік тұрғыда кірмегенмен, ислам тұрғысынан құрамындағы ережелерді негіздей отырып, сенушілердің санасына әсер етіп олардың мазмұнына енгендей болады. Нәтижесінде ислам тұрғысынан талқыланған құқықтық нормалары мен қағидалары сенушілердің алдында мұсылман құқығы жүйесіне сіңгендей болады, ал оларды орындау діни міндет болып табылады. Өзінің консерватизміне қарамастан, сот интерпретациясына кең мүмкіндіктер беретін, ислам құқығы көптеген диспозитивтік нормаларды қамтиды [11].

Сөз соңында мұсылман құқығының нормаларының қолдану масштабын және олардың әрекет етуші заңнамаларға әсерінің дәрежесін негізге ал отырып, Шығыс елдерінің қазіргі кезгі құқықтық жүйелерін келесідей саралауға болады. Бірінші топқа, мұсылман құқығы кең мағынада қолданылатын Сауд Аравиясы және Иран құқықтық жүйелерін жатқызуға болады. Мұсылман құқығының нормалары мен қағидалары бұл елдерде қалыптасқан конституциялық заңнамаға және басқару нысанына терең әсер етеді. Мысалға, Иран Конституциясы барлық қолданылатын заңдардың шарифат нормаларына сәйкестігін талап ететін ережені бекітеді. Бұл ереженің орындалуы үшін бұл елдерде мұсылман құқығының тиісті мектебінің (Сауд Аравиясында ханбали және Иранда джвфари) нормаларының және қағидаларының бекітілуіне бағытталған заңдар қабылданған.

Егер Сауд Аравиясында мұсылман құқығы өзінің мәнін ешқашан жоғалтпай жоғарғы деңгейде ұстап тұрған болса, ал Иранда мұсылман құқығы ондай дәрежеге шах режимін құлатқаннан кейін, исламдық республикасының басшылығының мемлекеттің қоғамдық-саяси, экономикалық өмірін исламға бейімдеу саясатының нәтижесінде ғана жетті.

Екінші топты Ливия, Пәкістан, Судан мемлекеттерінің құқықтық жүйелері құрайды. Бұл топтағы мұсылман құқығының әрекет ету көлемі бірінші топтағындай болмағанымен едәуір болып табылады, және кейінгі онжылдықтарда кеңейю тенденциясы байқалуда. Бірінші кезекте мұсылман құқығының нормалары мен қағидалары конституциялық сипаттағы негізгі келісімдерге және бұл елдердің мемлекеттік механизмдерінің қызметіне әсер етуде.

Келесі топтың құқықтық жүйелерін араб елдерінің көбісінің құқықтық жүйелері құрайды: Мысыр, Сирия, Ирак, Ливан, және Африка (Сомали, Мавритания) және Азия (Ауғанстан) елдерінің бірқатары. Олардың конституциялық құқығы әдетте ислам мен мұсылман құқығының ерекше жағдайын бекітеді. Бұл елдердің көбісінің конституциялары мемлекет басшысы тек мұсылман болуын және мұсылман құқығы заңнама қайнар көзі болып табылатындығын көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Керимов Г.М. Учение ислама о государстве и политике. — М.: Знание, 1986. — С. 28.
2. Бартольд В.В. Ислам и культура мусульманства. — М.: Ленон, 1992. — С. 132.
3. Керимов Г.М. Шариат. Закон жизни мусульман. — М.-СПб.: Дия, 2007. — С. 246.
4. Салыгин Е.Н. Теократическое государство (теоретико-правовой аспект): Автореф. дис... канд. юрид. наук. — М., 2000. — С. 14.
5. Мавлютов Р.Р. Ислам. — М.: Политиздат, 1974. — С. 249.
6. Комаров С.А. Общая теория государства и права: Курс лекций. — М.: Юрист, 1996. — С. 194.
7. Каддафи М. Зеленая книга. — М.: София, 1989. — 264 с.
8. Ворончанина Н.И. Культурные преобразования в современном Тунисе. — М.: Гранд, 1978. — 280 с.
9. Рыжкова Е.А. Становление семейного права Туниса (историко-правовой аспект): Автореф. дис... канд. юрид. наук. — М., 2000. — С. 14.
10. Жданов Н.В. Исламская концепция миропорядка. — М.: Наука, 2003. — С. 170.
11. Абдрасулов Е.Б. Судебное толкование норм законодательства в мусульманском праве // Регион. вестн. Востока. — 2002. — № 1. — С. 78.